

ЯСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
ЯСАУИТАНУ ғылыми орталығы

YASAWI STUDIES

«AZRET SULTAN» National Historical and Cultural Museum-Reserve
RSEREM
YASAWITANU Scientific center

ИССЛЕДОВАНИЕ ЯСАВИ

РГКП «Национальный историко-культурный музей-заповедник
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» Научный центр ЯСАУИТАНУ

Том 1, №2

Түркістан 2026



ЯСАУИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Журнал 2025 жылдан бері басылып келеді.
Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат
министрлігінде тіркелген.

Қайта есепке қою күәлігі: № KZ00VPY00140194

«Ясауи зерттеулері» журналы жылына 4 рет шығады

ISSN 3134-8440

eISSN 3134-8459



Редакция алқасы:

ДҮКЕНБАЕВ Нұрлан Мұсағалиұлы - "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директор м.а. алқа төрағасы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0009-0002-2791-9554>

МОЛЛАҚАНАҒАТҰЛЫ Сайпулла - "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының басшысы, алқа төрағасының орынбасары (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8411-5977>

ТАСТАНБЕКОВ Мұрат Мейірбекұлы - т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директорының орынбасары (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0289-9024>

МУМИНОВ Әшірбек Құрбанұлы - т.ғ.д., профессор, IRCICA Бас директорының Орталық Азия бойынша кеңесшісі (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-3430-928X>

ҚОЖА Мұқтар Бахадірұлы - т.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан). ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9619-7968>

КЕНЖЕТАЙ Досай Тұрсынбайұлы - филос.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-0507-1011>

ЙЫЛДЫЗ Мұса - профессор, Гази Университеті (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-5274-9481>

ӨГЕР Адем - профессор Хаджи Бекташ Вели университеті, Филология факультеті, Түркі халық ауыз әдебиеті бөлімі (Түркия). ORCID <https://orcid.org/0000-0003-1278-2110>

ГҮЛТЕН Садуллах - профессор Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Магистратура және докторантура институты (Түркия). ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9986-4367>

ҮШЕНМЕЗ Емек - доцент Ыстамбұл университеті, Түркі тілі және түркі диалектілері кафедрасы (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-4729-4491>

ТОСУН Неждет - профессор, Мармара университеті (Түркия).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-7618-916X>

ХҮММӘТОВА Хұраман Бәһмәнқызы - профессор, Әзербайжан Ұлттық ғылыми академиясының Низами Гәнджеви атындағы Әдебиет институтының Түркі халықтары әдебиеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері (Әзірбайжан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-5426-5766>

ЯМАН Али - профессор, Манас университеті (Қырғызстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-5282-5686>

ДАҒЫСТАН Сердар - PhD, доцент м.а. Манас университеті (Қырғызстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-1685-4890>

БАБАЖАНОВ Бахтияр Мирамович - т.ғ.д., профессор, Өзбекстан Республикасы ғылым академиясы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері (Өзбекстан).

ORCID <https://orcid.org/0009-0003-6623-4125>

ЖАППОРОВ Нұрбой - ф.ғ.к., профессор, Әлішер Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті (Өзбекстан).

ORCID <https://orcid.org/0009-0000-2380-398X>

ҚОРҒАНБЕК Болат Сағынбекұлы - ф.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Евразия университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9190-4456>

ТҰЯҚБАЕВ Әмір Оразұлы - PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Жазба жәдігер және рухани мұра" ғылымизерттеу орталығының қызметкері (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0003-3846-7426>

ҚЫДЫР Төрәлі Еділбайұлы - ф.ғ.к., доцент, ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>

ПРИМКУЛОВА Гаухар Жанкүловна - т.ғ.к., доцент, "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-9074-9458>

САЙФУНОВ Бауыржан Насырдинұлы - PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ясауитану ғылыми-зерттеу институты директоры (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0001-8707-7075>

ТӨЛЕГЕН Мұхит Жылқайдарұлы - PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8325-3278>

КӨШЕНОВА Гүлбану Мұхамеджанқызы - PhD, "Әзірет Сұлтан" Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығы (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-8537-6490>

МЕЙІРМАНОВ Аманжол Досжанұлы - ФСДИ Философия орталығының аға ғылыми қызметкері (Қазақстан).

ORCID <https://orcid.org/0000-0002-6525-7320>

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасын білдірмейді. Авторлар колжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды.
Редакция, баспа құрылтайшының мекен жайы: 161200 Түркістан қаласы, Әмір Темір, 53а

Телефон 8 (72533) 3-23-00,
E-mail: yasawicenter@gmail.com
Журналдың арнайы сайты:
journal-yasawicenter.com

2-бөлім

ЯСАУИ МҰРАСЫ: ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

Section 2

YASAWI HERITAGE: LANGUAGE AND LITERATURE

Раздел 2

НАСЛЕДИЕ ЯСАВИ: ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА

FTAMP 17.07.29

<https://doi.org/10.67217/2026.02.04>

ЛАЗЗАТ АЛИЕВА 

Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан/ Түркістан

e-mail: lyazzat.aliyeva@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7869-1513>

«ДИУАНИ ХИКМЕТ» ТІЛІНДЕГІ -ЛА, -ЛЕ ЖҰРНАҒЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақалада Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» шығармасындағы зат есімнен етістік тудыратын -ла, -ле жұрнағының сөзжасамдық қызметі мен семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі орта түркі дәуірі ескерткіштері тіліндегі сөзжасам жүйесін анықтау және оның қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын көрсету қажеттілігімен байланысты. Мақаланың мақсаты – Ясауи хикметтерінде кездесетін -ла, -ле жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктерді анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық ерекшеліктерін және қызметтік сипатын талдау.

Зерттеу барысында сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, морфологиялық және статистикалық талдау әдістері қолданылды. Хикмет мәтіндерінен жиналған тілдік деректер негізінде -ла, -ле жұрнағы арқылы жасалған етістіктердің құрылымдық және семантикалық топтары сараланды. Нәтижесінде аталған жұрнақтың зат есімдерге жалғану арқылы қимылдық мағына тудыруда аса өнімді қызмет атқаратыны анықталды. Сонымен қатар туынды етістіктердің дене мүшелері атауларынан, деректі және дерексіз зат

атауларынан жасалып, салыстыру, құралдық, әрекеттік және ауыспалы мағыналарды білдіретіні көрсетілді.

Зерттеу қорытындысы бойынша, -ла, -ле жұрнағы Ясауи хикметтеріндегі ең өнімді сөзжасамдық көрсеткіштердің бірі болып табылады және түркі тілдеріндегі тарихи сөзжасам жүйесінің даму ерекшеліктерін тануда маңызды тілдік дерек көзі ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: тілдік тарихы, сөз тудырушы, туынды етістік, жұрнақ, тілдік бірлік, Ясауи хикметі.

Abstract. This article examines the word-formative function and semantic characteristics of the suffixes **-la/-le**, which derive verbs from nouns in Khwaja Ahmad Yasawi's *Divan-i Hikmet*. The relevance of the study lies in the need to identify the word-formation system of the Middle Turkic period monuments and to demonstrate its continuity with the modern Kazakh language. The aim of the article is to identify the derived verbs formed by means of the suffixes **-la/-le** in Yasawi's wisdoms (*hikmets*), and to analyze their formation patterns, semantic features, and functional characteristics.

The research employs descriptive, historical-comparative, morphological, and statistical methods of analysis. Based on linguistic data collected from the *Hikmet* texts, the structural and semantic groups of verbs formed with the suffixes **-la/-le** were classified and examined. The findings reveal that these suffixes are highly productive in generating verbal meanings through attachment to nouns. In addition, it is shown that the derived verbs are formed from names of body parts, concrete and abstract nouns, and express comparative, instrumental, actional, and figurative meanings.

The study concludes that the suffixes **-la/-le** constitute one of the most productive word-formative markers in Yasawi's *Hikmets* and serve as an important linguistic source for understanding the developmental features of the historical word-formation system of Turkic language.

Keywords: historical linguistics, derivational suffix, derived verb, suffix, linguistic unit, Yasawi's *Hikmets*.

Аннотация. В статье рассматриваются словообразовательная функция и семантические особенности суффикса **-ла/-ле**, образующего глаголы от имён существительных в произведении Ходжи Ахмеда Ясави «*Диван-и Хикмет*». Актуальность исследования обусловлена необходимостью выявления особенностей словообразовательной системы памятников среднетюркского периода и определения её преемственности с современным казахским языком. Цель статьи заключается в выявлении

производных глаголов, образованных с помощью суффикса **-ла/-ле** в хикметах Ясави, а также в анализе способов их образования, семантических особенностей и функциональных характеристик.

В ходе исследования были использованы описательный, историко-сопоставительный, морфологический и статистический методы анализа. На основе языкового материала, собранного из текстов хикметов, были выделены и проанализированы структурные и семантические группы глаголов, образованных посредством суффикса **-ла/-ле**. В результате установлено, что данный суффикс является высокопродуктивным средством образования глаголов с процессуальным значением от имён существительных. Кроме того, показано, что производные глаголы образуются от названий частей тела, конкретных и абстрактных существительных и выражают сравнительные, орудийные, деятельностьные и переносные значения.

По результатам исследования суффикс **-ла/-ле** определяется как один из наиболее продуктивных словообразовательных показателей в хикметах Ясави и рассматривается как важный языковой источник для изучения особенностей развития исторической системы словообразования тюркских языков.

Ключевые слова: историческое языкознание, словообразовательный суффикс, производный глагол, суффикс, языковая единица, хикметы Ясави.

Кіріспе. Түркі тілдері дамуындағы Х-ХV ғасырларды қамтыған «Орта түркі дәуірі» қараханидтер кезеңіне және моңғолдық кезеңге бөлінеді. Қараханидтер әулеті билеген ХІ ғасырда түркі халықтарына ортақ болып есептелетін көптеген туындылар дүниеге келді. Осы ғасыр түркі тілдес халықтардың шығармашылығында алтын дәуір деп аталды. Осы кезеңде Қожа Ахмет Ясауидің сопылық бағыттағы поэтикалық «Диуани хикмет» шығармасы секілді түркі жұртының мәңгілік мұрасы дүниеге келді. Ақындар сопы ақынның хикметтері жолымен Мұхаммед пайғамбарды, төрт шариярды, сахабаларды жеке-жеке киссалар етіп жырлаған (Ерғобек және т.б., 2015: 158). Ғалымдар қазақ поэзиясындағы мінәжаттың дербес жанр ретінде алғаш көрініс беруін Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығынан бастау алады дейді. Қандай қоғамдық кезеңде өмір сүре де, адам баласының өзін жаратушы Құдіретке, тылсым күш иелеріне жалынып-жалбарынуы, жәрдем тілеуі – заңдылық (Керімбекова және т.б., 2016:

142). Ясауи хикметтерінде етістік тудыруға ең көп негіз болған түбірлер – зат есімдер. Тіліміздегі кез келген зат есімнің ассоциация негізінде етістіктенетіні де бар. Бұған етістіктердің семантикалық топтарын саралағанда көз жеткізуге болады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында сипаттамалы, морфологиялық, семантикалық, контекстік және салыстырмалы-тарихи талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар «Диуани хикмет» мәтініндегі -ла, -лә жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктерге статистикалық есеп жүргізіліп, олардың қолданыс жиілігі анықталды. Алынған тілдік деректер семантикалық топтарға жіктеліп, сөзжасамдық ерекшеліктері тұрғысынан сараланды.

Талдау. Қазақ тіліндегі етістіктерді зерттеген ғалым Ы.Мамановтың етістіктерді мағыналық топтарына қарай бөлгенде беретін мағыналарына орай қимылды білдіретін, қозғалыс қимылын білдіретін, қалып-күй процесін білдіретін, көңіл-күйін білдіретін етістіктер, сапалық белгінің өзгеру процесін білдіретін етістіктер, еліктеу, бейнелеу етістіктері, туу, өсу қимылын білдіретін етістіктер, субъективтік ренді етістіктер деп бөледі. Осы етістіктер ішінде етістіктің динамикаға құрылмаған азсыну, білгішсіну, сезіну секілді етістіктер де жасалатынын көруге болады. Демек, зат есім өзге сөз таптарына қарағанда тіпті түбір етістік өзінен де ең көп туынды етістік жасауға қатысатын сөз табы. Туынды етістік жасауға қатысатын барлық жұрнақтарды жалғай алу мүмкін емес, бірақ зат есімге жалғанып, туынды етістік жасауға қатысады. Негізінен, ең көп, өнімді жалғанатын етістік тудыратын аффикс -ла, -лә жұрнағы. -ла, -ле жұрнағының зат есімнен етістік тудыруы: Тілімізде -ла, -ле жұрнақтарының жалғану деңгейінің төмендегідей бөлінуі қалыптасқан: 1) дене мүшелері атауларынан жасалатын етістіктер; 2) еңбек құралдары атауларынан және әрекетті жүзеге асыруға дәнекер боларлық тұрмыс жабдықтары атауларынан туындаған етістіктер; 3) ісәрекетті жүзеге асыруға нысан болатын зат, материал, бұйым атауларынан туындаған туынды етістіктер; 4) мекен я орын атауларынан, өлшеу атауларынан, айналадағы дыбыс атауларынан, қозғалыс, көрініс бейнелерінің атауларынан, төл атауларынан, көптеген әлеуметтік, саяси, мәдени, тұрмыс, салт, табиғат т.т. атаулардан; зат атауларынан басқа сын, белгі, бейне және олардан өзге атаулардан; етістік негізді сөздерден туынды етістіктер жасалады (Ысқақов, 1991: 384). 1) Ясауи хикметтерінде -ла, -лә жұрнағы жалғану арқылы дене мүшелері атауларынан бірнеше етістік жасалған: Фасих тілдә сөкүб деді тухфаң қані (39б, 2). Азыб қалған бұталар дек йүзләб тұрсам (14б, 11), Нурын ізләб дәйим йүзләб йүрсәм муки (54б, 11), 'илму әл-йәкин шари'атны көзләб өтті (60а, 10), Йолдын азған бәндәләрни йолға башла, Бір ләхзада дилләріні сафа қылдым (102а, 13-14). Тілде етістігі – 1 рет, башла етістігі – 1 рет, көзлә етістігі – 1 рет, йүзлә етістігі – 2 рет кездеседі. Барлығы дене мүшелері атауларынан жасалған 5 етістік кездеседі. Хикметте кездескен дене мүшелері негізінде пайда болған етістіктердің мағыналары ассоциацияланғаны байқалады. Бұл туралы А.Ысқақов: “мүше атауларынан жасалатын етістіктердің басым көпшілігі тікелей сол мүшелердің тура мағыналарынан гөрі ауыспалы, жанама мағыналарын жиі білдіреді де, көбінесе омоним және көпмағыналы етістіктер құрайды. әрине, олардың ішінде тура мағыналарын білдіретіндері де бар, ондайда олар сол дене мүшелері арқылы істелетін амал-әрекеттерді білдіреді. Бірақ олар, сонымен қатар, ауыспалы мағыналарды да қамтып отырады”.

2) Тілімізде еңбек құралдары атауларынан туындаған етістіктер кездескенімен, Ясауи хикметтерінде дәл осы аттас етістіктер кездеспейді. Біздің статистикалық талдауымыз бойынша немесе жинаған мысалдарымыз бойынша тек адамзатқа берілген басты қабілеттер арқылы жасалған туынды етістіктерді бір мағыналық топ ретінде бөліп алуға болады. Міне, осындай туынды етістіктерге талдау жасап көрейік: а) адамзат баласының ең қымбат құндылығы, қарым-қатынас құралы – тіл, сөз: Қәні 'алим қәні 'алим йаранлар, Худадын сөзләсә иман пиринләр (8а, 3-4). Ташқұн келгән дәйіалар дек қайнаб ташсам, Өләр ұақта мың бір атың сөзләб тұрсам, Дустлар хожам мәні бәндәм дегеймукин (14 б, 10-13). Құл Хожа Ахмәд хақ йолыны сөзләб өтті, 'илму әл-йәкин шарикатны түзләб өтті (60 а, 9-10). Хақиқатдын сөзләгәнім ешітмәдің, Дүнйа үчүн хаққа көңүл төңрүтмәдің (59 б, 11- 12). Тірік өлмәй мажазыға раст сөзләмәс (62б. 9). Кім худадын сөзләсә мың үргүлүб пәруана бол (67б, 8). Кім худадын сөзләсә мың үргүлүб пәруана бол (67б, 8). Ахмәд Йәсәуи биһуш сән көб сөзләмә (98б,

10). Хақдын өзгә һич сөзләмәй биганагә (80а, 4). Йалған сөзләб имандын кетмән дустлар (74б, 2). Хикметте сөзлә етістігі – 10 рет қолданылады. Сөйле етістігі қазіргі қазақ тілі тұрғысынан көне түбірлер қатарына жатады. Себебі ескерткіштер тілінде бұл тілдік бірліктің түбірі сөз тұлғасында қолданылады. Суз – сөз тілдік бірлігіне –ла формасы жалғанып, заттық мағынадағы сөз қимыл мәнді сөзге айналды. Қимыл мағынадағы сөздің беретін мағынасы Ясауи заманында дәл сол қалпында жұмсалса, қазіргі тілдік қолданысымызда оның тілдегі мағынасы кеңінен тарады. Тілдесу сөзінде де тілдің мағыналық даму барысындағы образдылық байқалады. ә) адамзат баласына берілген екінші құндылық – ақыл, ес. Көне және орта ғасыр ескерткіштерінде аң, ес тұлғасында кездеседі: Еренларның айған сөзін аңламай дүр (12б, 3). 'ишқ болсаң түн ұйқұны қылғыл харам, Кеча күндүз хақны естәб йығла мудәм (16а, 3-4.). Нида келгәй худайымдын нә йығладың, Хас құлымдын қабр ічіндә не аңладың (37а, 10-11). Йүкүріб йіліб ерәнләрдің сир аңламай, Йа Мустафа, елкім алың йолда қалған (60б, 10-11). Хизмәт қылыб хақ сиррыны аңлагәнләр, Түн ұйқысын харам қылыб налан болуң (56б, 10-11). Талибы Алла болұб һәр йахшы сөзнi аңламақ, Суфи нақш олдұң уәли һәр кез мусулман болмадың (66а, 3-4). Ұирдсiз бәндә адам емәс мұны аңла (102а, 8).

Ясауи хикметтерінде көне аң сөзінен туындаған етістіктер саны – 6 болса, ес сөзінен туындағын етістік – 1. Біздің ойымызша, зерттеу барысында көз жеткізгеніміз, ес сөзінің есіңе ал, есте сақта деген тура мағынасына қарағанда, есті сөзіндегі жадыға тоқы, тыңда деген ауыс мағыналары тұрақтанып, көбірек қолданысқа түскен. б) адамзат баласына берілген келесі құндылық – тыңдай алу, ұғыну, түйсіну. Айат хадислар йа қуран тыңламай дүр (12б, 4); Еккі мәләк құлақ салыб нә тыңладың, Хақдын қорқұб оң-у соң-а қачар ерміш (37а, 12). Халайиқлар тәж сары инша қылұр, Бұ сөз тыңлаб жаным аңа бермәйін му (11б, 2- 3.). Михнәт тартмай мәлул болды бу көңүлләр, Айа дустлар тыңласаңыз бу раз сізгә ачармыз-а (42а, 2-3). Мән айтайын айа дустлар хуб тыңлагіз, Он сәккіз мың 'аләм фахры расул үчүн (69б, 1-2). Алла Хаққы андағ құлға сижжин таййар, Даналардын тыңлаб сөзнi сачтым мән-а (80 а, 9-10.). Мискин Хожа Ахмәд Ясауи, 'ишқсыз адам хайуан жам'ы мұны тыңла (81а, 3). Қадр қудратын тыңла Бір сөзүм йада келді-йа, (104а, 1). Ес түбірінен жасалған есті, тыңда мағыналарымен шектесетін етістіктің түрі – тыңла етістігі хикметте – 8 рет қолданылады. Тыңда етістігінің түбірі тың – тыныш отырып, тыңдау, тыңғылықты тыңдау, тұнып, ұйып тыңдау дегендегі тыныш, тынық, тұнық, тұну сөздерімен мағыналас деп ұғынамыз. в) тірі жан баласына берілген нәрсе – ұйқы, ұйықтау. Халиқымдын хабар йетті шәкир болдұм, Бұ 'аләмдә һич ұхламай хазир болдұм (92б, 2-3.). Фасиқлар көп ұхлағай (107б, 6). Дидарыны көрсә болмас түн күн ұйұб, һич ұхламай дидарыны көрдүм мән-а (47б, 10). үн күн ұйұб, һич ұхламай дидарыны көрдүм мән-а (47б, 10). Хикметте ұхла етістігі 2 рет кездеседі. Ұхламай деген етістік те зат есім сөзден, ұйқы деген зат есім, керісінше, етістіктен туындаған. Біздің ойымызша, ұйқы сөзінің өзі зат есім сөз табы құрамын толықтырғанға дейін етістік болып келген. Себебі адам ұйықтағанда бір нәрсеге ұюы керек. Ол тыныштық осы ұю арқылы іс-әрекеттің жүзеге асуы ұйқы деп аталған. Бұл туралы да ғалымдар өз еңбектерінде пікірлер келтірген: “..егер оларға (туынды етістіктерге) негіз болған я болатын есім сөз әуелде өзі етістіктен туған форма болса, онда есім негізі мен туынды етістіктің қатысы бір-біріне жақындай түседі. Мысалы, ұйықта етістігінің ең әуелгі төркіні ұйы деген түбір етістік болған, ол түбірге -қы жұрнағы қосылып (ұйы+қы), туынды зат есім (ұйқы) жасалған, осы ұйқы деген негізден ұйықта деген етістік ұйқы, ұйықта деген екі сөздің мағыналарынан да гөрі әрі төте, әрі әлдеқайда абстракты мәнді (семантиканы) білдіреді”. Негізінен, сөз тудырушы яғни етістік тудырушы жұрнақтардың, әрине, өздеріне тән мағынасы болғанмен, түбірдің немесе негіздің беретін мағыналарының әсері мол болады. Егер түбір сөздің тілімізде жиі қолданысқа түсіп, көбірек қолданылса, жұрнақтар жалғанып туынды сөз пайда болғаннан кейін де олардың беретін мағыналары, қолданылуы жиі болады. Егер олар сирек қолданылатын болса, түбірге жұрнақ жалғанғаннан кейін де олардың беретін мағыналары мен қолданыстары сирек болады. 3) Ясауи хикметтерінде кездесетін іс-әрекетті жүзеге асыруға объект болатын зат атауларынан болған етістіктер: а) іс-әрекетті жүзеге асыруға нысан болған зат – бағ (бау). Бағ сөзінің тура мағынасынан жасалған етістіктер хикметтерде кездеспейді. Егер тура мағынасында жұмсалса,

бау арқылы белгілі бір затты байлау, баулау мағыналары ойды жеткізуге қатысар еді. Ал хикметтердегі ең көп қатысатын етістік негізгі мағынадан ауыспалы мағынаға ауысқан күрделі тілдік бірлік тұрақты тіркестер көп кездеседі: Қайда барсам йады бірлэ йығласам мэн, Хизмәтігә белім мәхкәм бағласам мэн (13а, 8-9), 'ашиқ болсаң кечә күндүз тынмай йығла, Пир-и Муған хизмәтіндә белің бағла (196, 5-6). Наданларгә йесіз сөзүм хайфи хикмәт, Адам мэн деб белін бағлаб қаны һеммәт (59а, 2-3). Алла дебән йүтүб қанлар белің бағла (59б, 1). Белін бағлаб 'ишқыны мәхкәм тұтты (57б, 6). Суфилығыны шартыдүр дәйим сахар қан йығламақ, Һәр жафаға сабр етубән беліңнә мәхкәм бағламақ (66а, 1-3). Беш йашымда білім бағлаб та'ат қылдым, Зикрін айтыб күндін күнгә рахат қылдым (90а, 10-11). 'ишқ йолыда болалмадым белім бағлаб (112а, 10), Жан-у дилдә 'ишқа белін бағласүн деб (113а, 7). Ясауи хикметтерінде бағла етістігі – 9 рет кездеседі. Бірінші бағла етістігі белді баумен байлау тура мағынасында жұмсалған. Белді бекем байла тұрақты тіркесі тура бейнелі мағынадан, осы іске тас-түйін болып жұмылу, сол істі аяғына дейін атқарып шығуға беку ауыспалы мағынасына өткен. Осылай алғашқы тура мағына ұқсату заңдылығы арқылы екінші туынды мағына жамаған. Екінші байлау етістігі де тура мағынада жұмсалып тұрған жоқ. Төменде берілген хикметтерде ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. Мысалы, Сахар уақты қолүм бағлаб ду'а қылсам (13а, 1). хикметінде кездесетін қолын байлау мағынасы алақан жайып, екі қолды бір-біріне түйістіргендегі бейне ұқсатудан пайда болған тіркес. Қазіргі тілімізде қол байлау, қолын байлау тіркестері кездескенмен, орта ғасыр ескерткіштеріндегі, Ясауи хикметінде берілген мағыналарымен сәйкес келмейді. Ал Алла деүб көңіл бағлаб турға ашқан, Тәжәллінің нуры бірлэ 'ақлы шашқан (53б, 6-7). Қырық йылкі зангар бағлаб көңлүм ічі Хақ йадыны нуры бірлэ ақты болгай (84а, 5-6). Емді келдім дәрғаһиңә һеммәт бағлаб (85а, 7) хикметтерінде көңіл байлау мағынасы беріледі. Яғни хикметтерде берілген Ясауидің басты арманы, міндеті, мақсат-мұраты – дін жолына көңіл қою, көңіл бағлау, һеммәт бағлау тіркестері арқылы беріледі. Ж.Манкеева бағла етістігінің түбірін өлі түбір деп таниды. Көне түркі сөздігінде бағ тұлғаларының екі түрлі мағынаны заттық және қимылдық мәнді білдіретіні көрсетілген: “ба – привязывать, связывать, отвязывать; бағ – оковы, узы, повязка” мағыналарымен түсіндіріледі (Древнетюркский словарь, 1969:76). Қазіргі түркі тілдерінде түрлі фонетикалық және морфологиялық өзгерістермен бай-// бау-//бағ-// - тұлғаларында кездеседі. Қазақ тілінде бау және бай деген екі түбір пайда болды. Оның біріншісінен байла етістігі туындаса, екіншісі баула, баулы секілді етістіктер қалыптасқан. “Қазіргі қазақ тілінде: байла (жіпті байла, басыңды пәлеге байлама, қол байлау т.т.) бай> сөз байласу, телефонмен байланыс, екеуі ерегісіп байланысып қалды т.б. туа түбі бой өзбек тілінде дербес сөз боғ та осы жалпытүркілік түбірін сақтап, қазақ тілінде боқ-та, боқ-ша-ла болып айтылуы сақталған”. б) іс-әрекетті жүзеге асыруға нысан болған дерексіз зат – дақ, жара, таңба. Хасрәтідә йүрәгімнә дағласам мэн, Хожам мәні дуслар бәндәм дегәймукин (13а, 10-11). Күйүб пішіб дәрді бірлэ йүрәк дағла, Йадын еткән уисалыны көрәр ерміш (19б, 7). Зали әгәр зулм әйләсә мәңә йығла, Харам шубһа тәрк әйләбән йүрәк дағла, Залимларға йүз мың бәлә бердім мән-а (59б, 1-2). Күйүб пішіб ада болдүм йүрәк дағлаб, Мұнда йығлаб ахирәтдә күлмәйін му (112а, 12-13). Өртәб күйүб йүрәк бағрын дағласүн деб, Дағын алыб дәрғаһигә бармайын му (113а, 9). Жан күйдүрүб йүрәк өртәб бағрым дағлаб (85а, 8). Хикметтерде дағла етістігі – 6 рет кездеседі. Дағ сөзі парсы тілінен енген сөз – дақ, жара, таңба деген мағынаны білдіреді (Иасауи, 1993:261). Ясауи хикметтерінде кездесетін дағ сөзінің мағынасы мәтін ыңғайына қарай шер деп аударуға болады. Байқап отырғанымыздай, дағла етістігі жүректі, бауырды дағлау етістігімен тіркесіп келеді. Яғни жүрегімді шерге толтырсам деген мағынада аударсақ сол дұрыс болар еді.

в) іс-әрекетті жүзеге асыруға нысан болған зат – шаң. Йол үстідә тофрағ сифат чаңлаб йатсам, Дуслар хожам мәні бәндәм дегеймукин (13б, 12). Чаңла етістігі хикметте бір-ақ жерде кездеседі. г) іс-әрекетті жүзеге асыруға нысан болған нәрсе – із. Хикметтегі зат есімдерден ең көп етістік туындаған сөз – із сөзі. 'ишқ саудасы башға түшқан хана уайран, Шайда болуб өзін ізләб йүрәр ерміш (19б, 2). Құл Хожа Ахмәдгә (дидар ізләб) кәда болғыл, Кечкіл аһл-у 'айәллардын фана болғыл (36б, 6). Ей пи хабар 'ишқ аһлідін самат сұрма, Дәрд ізләгіл 'ишқ дәрдигә дәрман сұрма (41б, 7-8). Еранлар ізләб ізін тапай десәң, Ізләб аны тапмагүнчә етсә

болмас (44а, 7-8). Андын соңра іч-у ташым нургә толсұн, Пир етәгін тұтұб талиб әгәр йолгә кірсә, Хақны ізләб еккі көзі герйан болур (56а, 10-11). Ташдын қаттығ сұрсаң хабар ей бихабар, 'уқбы ішін арқа ташлаб дүния ізләр. Заһир адам батинлары шайтан болұр (57а, 7-11). Дунйа ізләб бір бірігә қылмас шафқат, Залим болұб асир болұб өлдүм мәна (59а, 4). Дүния ізләб 'уқбы ішін арқа салған (60б, 1). 'уқбы ішін арқа ташлаб дүния ізләр. Хақдын ғәфил накәсләр ағйар ізләр, һәмдәм болұб 'ишқ дукәнін кұрса болмас (63б, 7-8). Мен йігірмә алты йашда сауда қылдым, Мансур сифат дидар ізләб ғауға қылдым (76а, 4). Қайтыб түшүб ғариб йәтим фақир (халін) сұрды, Ғарибларны андын ізләб түшдүм мән-а (77б, 4-5). Руза намаз қаза қылыб болдүм кәһил, Йаман ізләб, йахшылардын кечтім мән-а (78б, 3-4). Зикрім тәмәм қылыб өттүм диуанагә, Шам'ын ізләб шәкирд болдүм пәруагә, Күйүб йаныб ахгәр болұб үчтүм мән-а (80а, 3-4). Ей ғәфил дүния пәрәст һич өзүңә келмәсмүсән, Мұнда сәні кім йибәрді ізләб тапмасмүсән (83а, 8-9). Йеті йашда Арслан бабам ізләб тапты, Хурма беріб пәрдә бірлә сиррым йабты (90б, 6). Қырк үчүмдә сәні ізләб нала қылдым, Шауқың бірлә көз йашымны жала қылдым (94б, 7-8). Хақ уаслыны тапмай ізләб хайрана мән, Тынмай йығлаб көңлі бұзұғ уайрана мән, Хәлім сұрұң мән талибы жанана мән, Жанан ізләб (фана болуб келдім мән-а) (103а, 6). Дидар ізләб кәда болдүм әмин деңләр, Ей талиблар хәлім көрүб ғамым йеңләр (103б, 5). Мұңы кәфан ізләгил, Мәриамны қойғыл (107а, 6). Мәнің ізләб йығылмақны 'адәт қыл деб (114а, 4). Ізлә етістігі Ясауи хикметтерінде – 24 рет кездеседі. ғ) іс-әрекетті жүзеге асыруға нысан болған нәрсе – іс сөзі. Шүмлүғүмдан тағ ташлар сөкті мәні, Сахарларда жанын қинаб ішләгәнләр (39б, 1-2). Бәндә болсаң мәнмәнлікні зинһар ташла, Сахарлар жаның қинаб тынмай ішлә (102а, 12). Ішлә етістігі хикметте – 2 рет кездеседі. д) іс-әрекетті жүзеге асыруға нысан болған нәрсе – тау сөзі. Дүния парасат накасләрдің бойұн таула, Бойұн таулаб дәрийа болұб таштым мән-а (78а, 3-4). Таула етістігі хикметтерде – 2 рет кездеседі. Бұл хикметтерде іс-әрекеттерді белгілі бір құралмен салыстыру арқылы қимыл-қозғалысқа түсіру бейнесі сипатталады. Себебі таулау етістігі көңүл деген сөзбен тіркесіп келгенде төмен, пәс көңілін қалдырып көңіл-күйінің жоғары болатындығын таудың биіктігімен салыстыра беріп тұр. Сонда -ла жұрнағының беретін мағынасы шектеусіз. е) қимыл-әрекеттің метафоралануы арқылы қалыптасқан ташла етістігі. Йығды һәммә кәс рай деді ташлады кетті, Беш күндә өтәр 'умрың нечүк йығынурсән (35а, 8). Һа-у һауас ма'-у мәнні ташлаганлар, Чин 'ашиқ дүр һәр кез аны йалғаны йоқ (40б, 12.). Хақ та'ала пәртәу салды жаным күйді, Йалған 'ашиқ ма'шуқыдын жанын айар, 'уқбы ішін арқа ташлаб дунйа ізләр (50а, 6). Ташдын қаттығ сұрсаң хабар ей бихабар, 'уқбы ішін арқа ташлаб дүния ізләр. Айат хадис байан қылсаң қаттығ сөзләр, Заһир адам батинлары шайтан болұр (57а, 7-10). Чин 'ашиқ кеткән еміш жайын ташлаб, Адһәм каби бәрһәм үрүб барын ташлаб Хақ та'ала айұмас хақны сеугән ұйұмас, Ғәфилләрни хошламас нигә мұнча ойұрсән (85б, 1-2). Һу дебән ташлаб өзүмні падалар қылғай едім, Құл Хожа Ахмәдні өзін фазлың білә хуләсән-а (98а, 10-11). Ташла бұ дүния 'ишратын, Қылғыл ерәнләр хизмәтін (98б, 6). Бәндә болсаң мәнмәнлікні зинһар ташла, Сахарлар жаның қинаб ынмай ішлә Йолдын азған бәндәләрни йолға башла, Бір ләхзада дилләріні сафа қылдым (102а, 12-14). өзін йергә ташлабан Биһуш болұб қалды-йа (106б, 1). Дүния ізләб ахирәтні ташлаб өтүң, 'амал қылыб ахирәткә бармаймын му (114б, 7). Н.К. Дмитриев башқұрт тіліндегі етістік жасаушы -ла, -лә жұрнақтарын өте өнімді жұрнақтар деп есептейді. Ясауи хикметтерінде кездесетін аңла, ташла деген етістіктер де осы еңбекте кездеседі. Ендеше тек орта ғасыр ескерткіштерінде ғана емес, тіліміздің көне сипаттарында кездескендігін, сонымен қатар түркі тілдеріне ортақ тілдік бірліктер деп атауға болады. Біздің ойымыз, негізінен, таш-ла етістігіндегі таш түбір тұлғасы етістіктен пайда болған ба деген жорамалға тоқтаған болатынбыз. Ал түркі тілдеріне қатысты бірнеше еңбектерді қарап отырып, оның есім сөзден пайда болғандығына көз жеткізіп отырмыз. Алғашқы мағынасы ауыр зат – тасты тастау мағынасы болса, оны лақтыру, бір жерге қалдыру мағынасы арқылы кез келген деректі, дерексіз заттарды, нәрселерді, құбылыстарды қалдыру, тастау мағынасы таралып отыр. Бұл ойымызды башқұрт тіліндегі жолмажол берілген мына ой дәлелдей түседі: “Наиболее продуктивной аффикс отыменного образования глаголов: аң (понятие, мысль) – аң-ла (понимай), таш (камень) – таш-ла (бросай камни> бросай” (Дмитриев, 1948:276). Яғни алғашында бросай камни деген тіркес болса, тұрақтала келе бросай деп тілдік үнемдеуге

ұшыраған. Сол секілді тіліміздегі таста етістігі тастың лақтырылуының метафоралануы арқылы жасалып отыр. Метафораланғанға дейін, әрине, бұл етістік -ла етістік тудырушы жұрнақ арқылы синтетикалық жолмен туындап отыр. Осы морфемамен мағыналас қосымшаның бір түрі –да, -дә аффиксі. Бұл қосымша -ла, -ле морфемасының морфтары болғанымен, башқұрт тілінде есім сөздерден етістік туындауы құбақан диалектісіндегі л-д сәйкестігі деп көрсетілген.

Алынған нәтижелер. Зат есімге -ла, -ле жұрнағы жалғанып, туындаған етістіктер саны – 86. Оның ішінде із сөзіне -ла, - жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 23, бағ сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 9, сөз сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 10, дағ сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 6, тың сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 8, аң (ес) сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 1, іс сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 2, чаң сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 1, көз сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 1, йүз сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 2, ұх сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 2, баш сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 1, тіл сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 1, тау сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 2, аң сөзіне -ла етістік тудырушы жұрнақ жалғанған етістік – 6, тас сөзіне -ла жұрнағы жалғанған туынды етістік саны – 11. Өзге сөз таптарына жалғанып, етістік тудыратын ең өнімді аффикс -ла, -ле тұлғасы. -ла, -ле тұлғасының қазіргі қазақ тілінде -да, -де, -та, -те деген тұлғалары да бар. Бірақ бүгінгі күнде бұл қосымшалардың ең көнесі, архетипі -ла, -ле тұлғасы. Бұл тұлғаның өзге түркі тілдерінде түрліше дыбыстық өзгерістермен, алмасулармен келетіндігін ескерсек, қосымшалардың түрлі фонетикалық жамылғылардан тұратынын байқауға болады: Бұл қосымша түркі тілдерінің өзге тармақтарында: тува тілінде -на, -не, -да, -де, -та, -те якут тілінде -лао, -lee, -loo, -löö, -taa, -tee, -too, -töö; -daa, -döö, -naa, -nee, -noo, -nöö тұлғаларында кездеседі. Көне түркі тілінде -лу тұлғасында кездессе, орта ғасыр ескерткіштерінде -ла, -лә тұлғаларында кездеседі. Бұл сөз тудырушы жұрнақ зат есімге, сын есімге, үстеуге, еліктеуішке, одағай сөздерге жалғанып, көп мағына береді. Тілдің дамуының қай кезеңінде де -ла, -ле қосымшалары белсенді және тұрақты түрде қолданылып келген. Қазіргі тіл тұрғысынан қарасақ та солай. Дәл осы қосымшадай түркі тілдерінде және оның кез келген дәуірінде сөз тудыру қабілеті, өнімділігі және көпмағынаны сыйғыза алу қасиетімен ерекше деп танылған бұл қосымша семантикалық және функционалдық қызметтерінің жан-жақтылығымен белгілі. Қазіргі тілімізде таңда, барла аз(да)ған, көп(те)ген, жазда секілді түбірмен қосымшаға ажыратылмайтын, қалыптасқан тұлғалар бар. Мұндай тілдік бірліктер Ясауи хикметтерінде де кездеседі. Мысалы, чаңлаб йатсам (136, 12), тыңла (116, 3), сөзле (146, 13), естә (16а, 4), байла (176, 3), йүзле (146, 11), аңла (126, 3), ұйықта (1076, 6), таула (78а, 3). Көне және орта ғасыр ескерткіштеріндегі тілдік бірліктердің қолданылуы, оларға қосымшалардың жалғануы, беретін мағыналары қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарама-қайшы келіп тұрғанмен, сөздердің қолданылған заманында адамзат баласының тілді қолдану ерекшеліктеріне сай болды. Мысалы, орта ғасырда қолданылған йүзләб, чаңлаб, сөзле, естә етістіктерін ХХІ ғасырда дәл осы күйінде қолдана қоймаймыз. Оның үстіне бұл сөздер дәл осы күйінде қолданылмайды. Сонымен қатар олардың қолданылу өрісі де тар. Демек, қарым-қатынаста жиі қолданылмайды деуге болады. Чаңлаб сөзі – шаңданып, йүзләб сөзі – жүздес тұлғасында, ал естә етістігі мүлде қазақ тілінде қолданылмайды. Естә сөзі қарлұқ тілдер тобындағы тілдерде жиі қолданылмайды. Демек, осы етістік орта ғасырда -ла, -ле қазіргі қазақ тіліндегідей құранды тұлғада емес, жеке тұрып, сөзге жалғанса, қазіргі тілімізде етіс жұрнақтарын үстеп жалғау арқылы жасалады Грамматика теориясы қай бағытта зерттелсе де, теориялық дінгегі оның жалпы заңды-лықтарынан алшақтап өзгеріп кетпейді, негізгі грамматикалық ережелерге бағынып тұрады. Қазақ тілінің морфологиясын зерттеп, оқулық жазған А.Ысқақов жұрнақтарды сөз тудырушы, сөз түрлендіруші деп екіге бөледі. (Ысқақов, 199: 380). Сөз тудыратын жұрнақтар өзі қосылып айтылған сөздеріне жаңа мағына үстеп, жаңа туынды сөз жасайтындықтан, лексика-грамматикалық категория қатарына жатқызылады. Сонымен қатар ғалымның мына пікірі ғылым үшін құнды: “...қазақ тіліндегі жұрнақтар арқылы сөз тудыру

грамматикамен де тікелей байланысты. Ол байланыс жұрнақтардың мынадай екі түрлі ерекшеліктерінен айқын көрінеді. Біріншіден, жалпы грамматикалық категорияларға тән аса абстрактілік қасиет жұрнақтардан да табылады; екіншіден, грамматикалық категорияларға тән тиісті ереже берерліктей жүйелі заңдар жұрнақтарда да бар. Мысалы, есім, я етістік тудыратын жұрнақтардың әрқайсысы топ-топ сөздерді қамтиды да, солардың бәріне де ортақ мағына үстеп, олардың жалпы көрсеткіші ретінде қызмет етеді”. Автордың айтқан пікірінен шығатын қорытынды жұрнақтар түрлі сөздерге жалғанғанда олардың беретін мағыналарында ортақтық болады. Себебі жұрнақтардың беретін мағыналары бір. Мысалы, зерттеп отырған тақырыбымызға сәйкес, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінен мынадай мысалдар алып түсіндіруімізге болады:

Көне түркі және орта түркі дәуірінде кездесетін бұл тілдік бірліктің еске алып, яғни ес +та зат есімнен етістік тудырушы жұрнақ арқылы сөз туындап тұр. Уммәтләрің хәуа-ла-сын қылғын мәңә (18 а, 5). Шайда болуб өзін із-лә-б йүрәр ерміш (19 б, 4). Пир-и муған хизмәтіндә белің бағ-ла (19 б, 6). Күйүб пішіб дәрді бірлә йүрәк дағ-ла (19 б, 7). Хикметтердегі бағла, дағла, йүзлә, сөзлә, чаңла, естә етістіктері туындағанда оларға жалғанған жұрнақтар тек жаңа сөз туғызып қана қоймай, жалпы абстрактілі қасиеттерін байқататын мағына туғызады, бір грамматикалық категориядағы сөздерді екінші грамматикалық категориядағы сөздерге алмастырады. Осы жағынан алып қарағанда сөз тудырушы жұрнақтардың грамматикалық категориялар құрамын толықтырар қызметінің ерекше екені көрінеді. В. Котвич -ла, -ле қосымшасын құралдық бірлестік септігінің көрсеткіші дейді (Котвич, 1962:45). Бұл, әрине, қосымшалардың (етістік тудырушы және үстеу тудырушы) сыртқы тұлғасының ұқсастығы болар, дегенмен, ғалымның құралдық деп көрсетуінде негіз бар. Мысалы, із-ле – із арқылы соңынан жүріп табу, сөзле – сөз арқылы ойын жеткізу секілді құралдық мағына бар екені айқын. Естә, аңла, чаңла деген етістіктерде, әсіресе, есім сөздерден жасалған етістіктерде де құралдық мағына бар. Демек, мұнда қимылды белгілі бір құрал арқылы іске, жүзеге асыру мағынасы бар екені анықталады. Ал етістіктерге -да, -ле аффиксі жалғануда мұндай құралдық мағына анықталмайды. Айла, йығла етістіктерінде қимылдық көрініс динамика арқылы ғана жасалған. -ла, -ле тұлғасында салыстырмалылық мән бар екенін де көруге болады. Мысалы, таулау, тау сияқты болу секілді мысалдар Ясауи хикметтерінде де кездескендігіне жоғарыдағы деректер дәлел бола алады. Ж.Тектіғұл: “Якут тіліндегі салыстыру мәнді етістік тудырушы -лан күрделі көрсеткіштері бойынан өзара астарласып жатқан екі мағынаны ажыратуға болады: 1) қимыл-әрекетті білдіру мәні 2) салыстыру, ұқсату мәні. Кейін осы екі мағынаның бірігуінен іс-әрекеттің қимыл-сынын, белгісін білдіретін үстеу қосымшасы қалыптасқан. Олай болса, -ла // -ле қосымшасына тән ежелгі салыстыру мәні кейбір туынды етістіктер құрамында сақталып қалған. (Тектіғұл, 2002:303) Ғалым етістік тудырушы -ла, -ле тұлғасының беретін мағыналарын былайша жіктейді: 1. Көптік, көбею, ұлғаю мағынасы: бала-ла, бұзаула, қозда, жапырақта, гүлде. 2. Адамзаттың арнаулы мекен-жайын, жерін, орнын, белгілі бір заттың орнын білдіреді: қыста, (қыстау), жайла (жайлау). 3. -ла// -ле белгілі бір істі орындауға негіз болған құрал атымен байланысты іс-әрекет, қимылды білдіретін туынды сөз жасайды: пышақта, шыбықта, қамшыла, қылышта т.б. 4. -ла бірлестігінен қалыптасқан -мен көмектес септігінің құрамында ежелгі бірлестік (құралды) септігі беретін мағынамен үндеседі. Салыст.: пышақта-пышақпен кесті, қамшыла – қамшымен ұрды, екеуле – екеуі бірге, шыбықта – шыбықпен ұрды”. Осы жолдар арқылы ғалым Ж. Тектіғұл -ла, -ле етістік тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған етістіктердің мағыналарының әрқилы болатындығын көрсетті. Ғалымның ойынша, -ла қосымшасы көпмағыналы: дүркінділік, біргелестік, қатыстық, сапалық, мағыналарды білдіреді. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: Сөздердің макросемалы екендігі сияқты онда көптеген ұғымдардың жинақталғанына байланысты оған жалғанатын қосымшалар да түбір немесе негіз сөздің мағынасына сәйкес көпмағыналы болу мүмкіндігіне ие. Қорытындылай келе, -ла, -лә жұрнағы жалғанған етістіктердің Ясауи хикметтерінде беретін мағыналары функциялық жағынан өрісті екендігін дәйектейтін етістіктер олардың жалғанатын зат атауларының семантикалық топтарымен тығыз байланысты. Хикметтердегі -ла, -лә жұрнақтары жалғанған етістіктердің мағыналары мен

Ж.Тектіғұлдың жұрнақтың беретін мағыналарын сипаттағанын қоса ескергенде мынадай қорытынды жасауға болады: - ла, -лә жұрнақтары салыстыру мәнін береді: таула (78а, 3). - ла, -лә жұрнақтары қимылды бір зат арқылы (мұның ішіне дене мүшелері арқылы жасалған етістіктер де кіреді) жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Бағла (59б, 1), көзлә (60а, 10), чаңла (13б, 12), башла (102а, 4), тілде (39б, 2), йүзлә (14б, 11) т.б. - ла, -лә жұрнақтары дерексіз заттарға жалғану арқылы да жасалады. Аңла (12б, 3), естә (16а, 4), тыңла (11б, 3), дағла (19б, 7). - ла, -лә жұрнақтары жалғану арқылы жасалған ұқсату заңдылығы негізінде жасалған туынды етістіктер: ізлә (44а, 8), істе (102а, 12), ұхла (107б, 6), башла (102а, 4) т.б.

-ла, -лә жұрнағына өздік етістің -н жұрнағы жалғану арқылы құранды жұрнақ болып есептелетін, Ясауи хикметтерінде -лан, -лән құранды жұрнағы жалғанған етістіктер де кездеседі. Аталған құранды жұрнақ туралы ғалымдардың пікірі бір арнаға тоғысады. Қорытындылай келе, ең көп туынды етістік жасауға қатысатын сөз табы – зат есім. Зат есімге етістік жасаушы 18 жұрнақтың басым көпшілігі қатысады. Статистикалық талдау көрсеткендей, ең көп етістік тудыруға қатысқан жұрнақ -ла, -лә жұрнағы. Оның зат есімдерге жалғану диапазоны өте кең. Оның диапазонының кең екенін ең бірінші дене мүшелеріне жалғанып етістік тудыруынан байқауға болады. Себебі табиғаттағы, ортадағы, қоғамдағы қозғалыс тудырушы бірден-бір нысан ретінде оның барлық мүшелері қозғалу арқылы қимыл туындайды. Осы қимыл-қозғалыс етістіктің - ла жұрнағы жалғану арқылы жүзеге асады. Екіншіден, айналадағы заттардың барлығы да қозғалысқа түсіп, олар да -ла және т.б. жұрнақтар арқылы қимыл-қозғалысқа түсіп, етістік тудыруға қатысады.

Қорытынды. Қорыта келе, -ла, -лә жұрнағы жалғанған етістіктердің Ясауи хикметтерінде беретін мағыналарын функциялық жағынан өрісті екендігін дәйектейтін етістіктер олардың жалғанатын зат атауларының семантикалық топтарымен тығыз байланысты. Хикметтердегі -ла, -лә жұрнақтары жалғанған етістіктердің мағыналарын мен зерттеушілердің жұрнақтың беретін мағыналарын сипаттағанын қоса ескергенде мынадай қорытынды жасауға болады: - ла, -лә жұрнақтары салыстыру мәнін береді: таула (78а, 3); - ла, -лә жұрнақтары қимылды бір зат арқылы (мұның ішіне дене мүшелері арқылы жасалған етістіктер де кіреді) жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Бағла (59б, 1), көзлә (60а, 10), чаңла (13б, 12), башла (102а, 4), тілде (39б, 2), йүзлә (14б, 11) т.б. - ла, -лә жұрнақтары дерексіз заттарға жалғану арқылы да жасалады. Аңла (12б, 3), естә (16а, 4), тыңла (11б, 3), дағла (19б, 7). - ла, -лә жұрнақтары жалғану арқылы жасалған ұқсату заңдылығы негізінде жасалған туынды етістіктер: ізлә (44а, 8), істе (102а, 12), ұхла (107б, 6), башла (102а, 4) т.б.

Орта ғасыр ескерткіштерінің ішіндегі шоқтығы биік туындылардың бірі Қожа Ахмет Ясауидің “Диуани хикметі”. Ясауи хикметінің тілі туралы ғалымдар түрлі пікір айтқанымен, түркі жұртына ортақ дүние өзге ешбір халықтың меншігі бола алмайды. Өзге тілдің элементтері, өзге тілдің морфологиялық ерекшеліктері басым болғанымен, қазақ жерінде туып, қазақ жерінде денесі жатқан, кесенесі тұрған Ясауидің өзі, оның хикметтері ортақ құндылық болып қала бермек. 1 Ясауи хикметтерінің грамматикалық сипатын үш түрлі тұрғыда қарастыруға болады: 1) лексика-грамматикалық категория, 2) грамматикалық категория, 3) етістіктің ерекше түрлері деп есептелетін есімше, көсемше категориялары және бүтіндей өзге сөз табының грамматикалық сипатын ғана көрсететін айрықша түрі-тұйық етістік деген категориялар. Етістіктің категорияларын бұлай бөлу олардың грамматикалық, семантикалық жақтары негізінде жүзеге асады. Ясауи хикметтерінде ең көп етістік жасауға қатысқан сөздер – есім сөздер. Әсіресе, зат есім, сын есім сөз таптары туынды етістік жасауға көбірек қатысқан. Хикметте есімдіктер етістік жасауға өте аз қатысса, сан есімдерден жасалған етістіктер мүлде кездеспеген. Бір ғана сізлеб етістігі айтуға болады. Бірақ бұл етістік қазіргі қазақ тілінде айтылмайды. Біздің түсінігімізде есімдікке -лә етістік тудырушы жұрнақ арқылы туындаған етістік субъектінің екінші бір адамға деген құрметін, бәрі сіз үшін деген құрметі мағынасын береді. Бұл қарлұқ тілдерінің ішінде өзбек тілінің элементіне жақындайды. Жалпы ескерткіштер тілінде бұрыннан қолданылып жүрген туынды етістіктер кездеседі. Бірақ жаңадан жасалған орта ғасырға, сол дәуір кезеңіне тән деп айтарлықтай туынды етістіктер

жоқ. Бұл Ясауи хикметтеріне, яғни ескерткішке тән жаңа етістік жоқ деумен бірдей. Түркі түбірлерінен орта ғасырда ерекше етістік тұлғаларын жасау амалы белсенді болмаған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ергобек С.С., Ергобекова Ж., Зияева Г. Ясауи хикметтері және «Кисса Мансар Эл-Халлаж» сабақтастығы // Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы. Филология ғылымдарының сериясы. – № 3 (53), 2015 – 158 б.
2. Керімбекова Б.Д., Таңжарықова А.В. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен қазақ поэзиясындағы мінәжат жырлардың көрінісі // Абай атындағы ҚазҰПУ. Хабаршы. Филология ғылымдарының сериясы. №4(58), 2016 – 142 б.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Древнетюркский словарь. – Ленинград: АН СССР, Ин. языкознания, 1969. – 676 с.
5. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы. Мұраттас, 1993 – 261 б.
6. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Москва: Изд. АН СССР, 1948. – 276 с.
7. Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – Москва: Изд. Иностранной литературы, 1962. – 45 с.
8. Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 303 б.

References:

1. Ergobek S.S., Ergobekova Zh., Ziyaeva G. The wisdom of Yasawi and the continuity of "Kissa Mansar El-Khallaj" // Abai Kazakh National University. Herald. Series of Philological Sciences. – No. 3 (53), 2015 – 158 p.
2. Kerimbekova B.D., Tanzharykova A.V. The wisdom of Khoja Akhmet Yasawi and the appearance of prayer poems in Kazakh poetry // Abai Kazakh National University. Herald. Series of Philological Sciences. No. 4 (58), 2016 – 142 p.
3. Iskakov A. The modern Kazakh language. Textbook. – Almaty: Mother tongue, 1991. – 384 p.
4. Ancient Turkic dictionary. – Leningrad: Academy of Sciences of the USSR, In. Linguistics, 1969. – 676 p.
5. Iasauy Khoja Ahmet. Diwani Hikmat (Book of Wisdom). - Almaty. Murattas, 1993 - p. 261.
6. Dmitriev N.K. Grammar of the Bashkir language. - Moscow: Izd. AN USSR, 1948. - 276 p.
7. Kotvich V. Research on the Altaic language. - Moscow: Izd. Foreign literature, 1962. - 45 p.
8. Tektigul J. Evolution of Turkic-based affixes in the Kazakh language

Автор туралы:

Лаззат Алиева - Қожа Ахмет Яссауи Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түрік филологиясы кафедрасы оқытушысы. Қазақстан/Түркістан. e-mail: lyazzat.aliyeva@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7869-1513>

About the author:

Lyazzat Aliyeva – Lecturer of the Department of Turkish Philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan/ Turkistan. e-mail: lyazzat.aliyeva@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7869-1513>

Об авторе:

Ляззат Алиева – преподаватель кафедры турецкой филологии Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, Казахстан/ Туркестан. e-mail: lyazzat.aliyeva@ayu.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7869-1513>

МАЗМҰНЫ - CONTENTS - СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім	Section 1	Раздел 1
ЯСАУИТАНУ: ДІНТАНУ ЖӘНЕ ТЕОЛОГИЯ	YASAWI STUDIES: RELIGIOUS STUDIES AND THEOLOGY	ЯСАВИЕВЕДЕНИЕ: РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ И ТЕОЛОГИЯ
Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы ЯСАУИ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ.....		3
Dinara Sazanova THE TRANSFORMATION OF PILGRIMAGE TRADITIONS AND SPIRITUAL TOURISM IN THE ERA OF GLOBALIZATION.....		17
Байсеит Султан Ерланович МНОГОДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ ПСИХОФИЗИЧЕСКОЙ ДИНАМИКИ СУФИЙСКИХ РИТУАЛОВ.....		25
2-бөлім	Section 2	Раздел 2
ЯСАУИ МҰРАСЫ: ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ	YASAWI HERITAGE: LANGUAGE AND LITERATURE	НАСЛЕДИЕ ЯСАВИ: ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА
Гумметова Хураман Бахманкызы ЭТНОПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И ОБЩИЕ МОТИВЫ В ПОЭЗИИ АХМЕДА ЯСАВИ И СУЛЕЙМАНА ХАКИМА АТА		34
Сулейменова Жазира Азаматовна THE FIRST ENGLISH TRANSLATIONS OF YASAWI'S HIKMETS AND METHODOLOGIES FOR THEIR APPLICATION IN LANGUAGE TEACHING.....		42
Лаззат Алиева «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ТІЛІНДЕГІ -ЛА, -ЛЕ ЖҰРНАҒЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ.....		51

3-бөлім	Section 3	Раздел 3
ЯСАУИТАНУ: ӘЛЕУМЕТТІК- ГУМАНИТАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР	YASAWI STUDIES: SOCIAL AND HUMANITARIAN RESEARCH	ЯСАВИВЕДЕНИЕ: СОЦИАЛЬНО- ГУМАНИТАРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ
Тастанбеков Мұрат Мейірбекұлы ЯСАУИ МӨРІНІҢ НҰСҚАЛАРЫНА ТАЛДАУ		62
Aliya Beldibekova PUBLICISTIC TENDENCIES IN THE HIKMETS OF KHOJA AHMED YASAWI		73
Khulkar Abdimominova TÜRKİSTAN VE HOCA AHMET YESEVI TÜRBESİ'Nİ ZİYARET EDEN TURİSTLERİN KÜLTÜREL ETKİLEŞİMİ (Deve Figürü, Saz-Sımay, Nar Motifi, Kamşı, Kurt Tımağı).....		79